



2012 жылдың сәуір-маусымында қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 186 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 26 сәуірде N 5-5-140 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 385 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің
2013.03.20 № 385 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы Заңының 27, 28, 29, 31 баптарына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 қаулысына сәйкес, 2012 жылы көктемде және күзде азаматтарды мерзімді әскери қызметке уақытылы және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскери

қызметке шақыру бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметті өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру өткізілсін.

2. Шақыру комиссиясы құрылсын (1 қосымша).

3. Шақыру комиссиясының жұмыс кестесі бекітілсін (2 қосымша).

4. Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің б а с т ы ғ ы н а :

1) шақыру пунктін жұмыс жүргізуге дайындау;

2) дәрігер мамандармен және шақыру пунктiнiң әкiмшiлiгiмен нұсқаулық с а б а қ т а р ы н жүргізу;

3) шақыруды өткізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу ұсынылсын.

5. Абай ауданының медициналық бірлестігінің директорына:

1) шақырылушылардың медициналық тексерілуі мен емделуін бақылау ұ с ы н ы л с ы н .

2) шақырылушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу мекемесінде қажетті орындар санын қамтамасыз ету;

3) шақырылушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөліміне дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің қажет санын бөлу;

6. Абай аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына:

1) шақырылушыларды әскерге аттандыруда және аудандық шақыру комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің с а қ т а л у ы н қамтамасыз ету;

2) мерзімді әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіру, оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуге жәрдемдесу ұсынылсын.

7. Ауылдық округ әкімдеріне шақырылушыларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырылғандары туралы хабардар ету және шақыру комиссиясына келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

8. Аудан әкімдігінің 24 наурыз 2011 жылғы № 359 санды Абай ауданында „ 2011 жылғы сәуір–маусым және қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы“ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-5-125 номерімен 2011 жылдың 18 сәуірінде тіркелген, „Абай елі“ газетінде 2011 жылдың 18-24 сәуірінде 15 (136) нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Л д и б а е в қ а жүктелсін.

10. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

Т. Мүсәпірбеков

« К Е Л І С І Л Д І »

Абай аудандық қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы Б. Нұржауов
26 наурыз 2012 ж.

Абай ауданының медициналық
бірлестігінің директоры А. Балтақева
26 наурыз 2012 ж.

Абай аудандық ішкі істер
бөлімі бастығының міндетін атқарушы Е.Қаратаев
26 наурыз 2012 ж.

2012 жылғы 26 наурыздағы
Абай ауданының әкімдігінің
№ 186 қаулысына 1 қосымша

Шақыру комиссиясының құрамы

Лдибаев Ерлан Арнаулы	аудан әкімінің орынбасары, шақыру комиссиясының төрағасы
Нұржауов Бауыржан Кәкімжанұлы	Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшелері:	
Дулатов Нұрлан Егізханұлы	аудандық ішкі істер бөлімі бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары (келісім бойынша)
Мұхаметжанова Шолпан Мәжитбекқызы	аудандық медициналық бірлестігі директорының орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Саятбек Индира	аудандық медициналық бірлестігінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

аппарат басшысы

Аудан әкімінің
С. Мұқажан

Шақыру комиссиясының жұмыс КЕСТЕСІ

№ р/с	Ауылдық округ аты	Саны	сәуір-маусым					Саны	қазан-желтоқсан									
			09. 04. 12	10. 04. 12	11. 04. 12	12. 04. 12	13. 04. 12		01. 10. 12	02. 10. 12	03. 10. 12	04. 10. 12	05. 10. 12	08. 10. 12	09. 10. 12	10. 10. 12		
1	Қарауыл	30	X					130								35	45	50
2	Архат	10	X					30	30									
3	Құндызды	15		X				35	20	15								
4	Көкбай	15		X				35		35								
5	Медеу	5			X			20			20							
6	Кеңгірбай-би	10			X			30			30							
7	Қасқабұлақ	16				X		35				30	5					
8	Тоқтамыс	9				X		25				20	5					
9	Саржал	21					X	40					40					
10	Барлығы	131	30	30	25	25	21	380	50	50	50	50	50	35	45	50		

аппарат басшысы

Аудан әкімінің
С. Мұқажан